

Жаксы жаршысы

Жаксынський вестник



Газет 1934 жылдың 28 маусымынан бастап шыға бастады. Газета издаётся с 28 июня 1934 года.

№ 47 (6877). Дүйсенбі, 23 қараша 2015 жыл. Понедельник, 23 ноября 2015 года.



НОВОСТИ

СДЕЛАНО В КАЗАХСТАНЕ



Более 50 предприятий не смогли подтвердить казахстанское содержание. Палата предпринимателей организовала аудит выданных сертификатов на отечественных предприятиях. Ранее от предпринимателей поступало много жалоб по поводу того, что обладатели сертификата на деле не являются отечественными товаропроизводителями, сообщает сайт НПП.

«Из 95 предприятий, которые мы проверили, только 40 подтвердили наличие казахстанского содержания, более 50 предприятий не подтвердили свое отечественное содержание. Всплыли и другие факты, к примеру, имеется вывеска, но нет никакого производства, также на импортируемые товары зачастую попросту наклеивается логотип «Сделано в Казахстане». И предприятие затем участвует в закупках госорганов и системы «Самрук-Казына», — рассказал об имеющихся нарушениях зампред правления «Атамекен» Нуржан Альтаев.

По его словам, по этим фактам сертификаты, якобы подтверждающие отечественного производителя, отзываются, по некоторым фактам материалы переданы в правоохранительные органы.

«По четырем фактам уже возбуждены уголовные дела, ведется досудебная проверка», — добавил Нуржан Альтаев.

В связи с этим Национальная палата предпринимателей «Атамекен» совместно с фондом национального благосостояния «Самрук-Казына» работает над разработкой новой концепции в системе закупок — это создание так называемого Реестра добросовестных поставщиков, а также Индустриального сертификатора, который пойдет взамен сертификата СТ-KZ.

По словам зампреда правления Национальной палаты предпринимателей, Индустриальный сертификат заменит ныне действующий сертификат СТ-KZ, подтверждающий казахстанское содержание в товарах отечественного производства.

ПРОВЕДЕН ОБЛАСТНОЙ СЕМИНАР-ТРЕНИНГ



13-14 ноября в п. Бурабай управлением по делам религий Акмолинской области проведен II обучающий семинар-тренинг «Методы и формы проведения профилактических мероприятий по противодействию религиозному экстремизму и терроризму», так же с целью систематизации и активизации деятельности информационно-разъяснительной группы по вопросам религий коммунальным государственным учреждением «Центр анализа и развития межконфессиональных отношений» проведен конкурс на «Лучшую информационно-разъяснительную группу области».

На мероприятие были приглашены Шойкин Г. Н., председатель Комитета по делам религий Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, Шерияданов Б. Р., главный эксперт Комитета по делам

религий Министерства культуры и спорта Республики Казахстан, Онгаров Е.А., доктор PhD, заведующий отделом пропаганды, секретарь совета улемов Духовного управления мусульман Казахстана, Сабдин А. К., директор общественного объединения «Консультативно-реабилитационный центр «Ансар» г. Актобе, Сыздыков Р. М., председатель общественного объединения «Нұрлы білім». Так же присутствовали представители УДР и КГУ по вопросам религий (гг. Астана, Караганда и Петропавловск), заместители акимов районов и городов, руководители отделов внутренней политики, члены информационно-разъяснительных групп, представители СМИ, сотрудники правоохранительных органов.

Организаторами мероприятия, после официальной части, были проведены конкурсы, интеллектуальные игры, работа в группах, показ роликов.

Самым приятным моментом стало награждение участников и членов информационно-разъяснительных групп по вопросам религий. Директор КГУ «Молодежный ресурсный центр Жаксынського района» А. Умарбекова была награждена грамотой «Лучший член ИРГ Жаксынського района». Всем членам ИРГ также были вручены грамоты и сертификаты.

ЕЖЕНЕДЕЛЬНОЕ АППАРАТНОЕ СОВЕЩАНИЕ

16 ноября сего года под председательством акима района К. Суюндикува было проведено еженедельное аппаратное совещание.



На нем с информацией о работе районного филиала партии «Нұр Отан» выступила первый заместитель председателя районного филиала Камиля Мугалова. Она отметила, что членами партии в нашем районе являются 1604 человека, которые состоят на учете в 33 первичных партийных организациях. Члены партии заняты во всех сферах жизнедеятельности района. Районный филиал работает по 12 партийным проектам. За прошедший период текущего года было проведено 3 заседания Бюро политсовета, 4 внеочередных конференции, 5 заседаний общественного Совета по противодействию коррупции и 3 заседания комиссии партийного контроля. За прошедший период этого года в партию вступило 71 человек.

На совещании были также обсуждены и другие вопросы.

СОВЕЩАНИЕ ФЕРМЕРОВ

В малом зале районного акимата президент Республиканского Общественного объединения «Союз




фермеров Казахстана» Ауезхан Даринов провел совещание с директорами ТОО и главами крестьянских хозяйств района.

Были обсуждены инициативы Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан о введении инвестиционного субсидирования в растениеводстве в 2016 году, вопросы изменений и дополнений в Зе-

мельный кодекс. Обращено внимание на соблюдение Правил рационального использования земли и необходимости кооперирования крестьянских хозяйств для более эффективной работы. Избраны делегаты на областную конференцию объединения. В работе совещания приняли участие и.о. руководителя ГУ «Отдел сельского хозяйства Жаксынського района» Аманжол Жусупбеков и районный представитель «Союза фермеров Казахстана» Рамазан Темирбеков.

ПАРТИЙНЫЕ ПРОЕКТЫ - В ЖИЗНЬ



В рамках партийного проекта «Страна без коррупции — процветающая страна» в районном филиале партии «Нұр Отан» проведено заседание общественного Совета по противодействию коррупции под председательством Шакеева У. Т. - руководителя общественного Совета противодействия коррупции. Рассмотрено 2 вопроса. «О практике работы отдела экономики и финансов по предупреждению коррупционных правонарушений» выступила Садвакасова Г. К. - и.о. руководителя отдела экономики и финансов. О состоянии работы первичной партийной организации «Бірлік – Жаксы» по противодействию коррупции в свете Программы партии по противодействию коррупции на 2015 – 2025 гг. рассказала Балгинова Б. Д. - руководитель ГЦВП Жаксынського района, председатель первичной партийной организации. В этих организациях проводятся «круглые» столы, партийные собрания по данной тематике, час правовых знаний, постоянная упреждающая работа по предупреждению коррупционных правонарушений, что способствует недопущению проявления каких-либо нарушений Закона «О коррупции», этики государственного служащего, Кодекса этики члена партии «Нұр Отан».

По рассмотренным вопросам приняты постановления.

СПОРТОМ – ПО КОРРУПЦИИ

13 ноября сего года отделом физкультуры и спорта был проведен шахматно-шашечный турнир среди женщин, проходящий под девизом «Скажем НЕТ — коррупции!».

В соревнованиях по шахматам участвовало 13 женщин из 6 округов. Первое место заняла Жанар Дюсембина (с. Жаксы), на втором месте Елена Жунусова (с. Белагаш) и третье призовое место было присуждено Орынбасар Ахметовой (с. Жаксы).

9 участниц боролись за право называться лучшей в соревнованиях по шахматам, но в очередной раз не было равных участнице областной спартакиады «Ак бидай» Гульжан Жаманкуловой из с. Жаксы. Второе место заняла Орынбасар Ахметова (с. Жаксы) и замкнула тройку призеров Шынар Кабылдина (с. Запорожье).

Все призеры были награждены медалями и грамотами от отдела физкультуры и спорта.



13/11/2015

Уважаемые читатели! Сегодня мы завершаем наш пресс-тур по селам и сельским округам района. Выражаем огромную благодарность всем акимам, специалистам за тесное сотрудничество с редакцией, всем героям материалов, которые достойно представили свои округа. Надеемся, что в будущем году наше взаимосоотрудничество продолжится. Ну, а сейчас вашему вниманию....

Жаңақийминский сельский округ



Тоқсан төрт жасты толқымай қарсы алып отырған тома-шадай ғана Ділдебаева Нази-па Сақалқызына ж о л ы ғ ы п сөйлескенімізде, тіршілік тауқыметін көп көріп, өмір шырдаған көне көз қарияның қайратына тәнті болдық. Заманында Шоқан Уәлиханов атамыз теңеумен айтқан томаша атаулы құс, бозторғайдың кішкентай түрі болғанымен, нағыз жез таңдай әншісі екен. Көз

жанарының әлсіздігі мен есіту қабілетінің төмендеуі болмаса, ғасырға жуық өміріндегі тағдыр талқысына төтеп беріп, бүгінде бүтін бір шаңырақтың түп қазығындай кейуана әңгіме желісін үзбей, бастан кешкенін біздерге жіпке тізгендей сабақтап бере алды.

Ұлы Қазан революциясынан кейінгі аласапыран кезеңде қатардағы ауыл азаматы Сақалдың жанұясында дүние есігін ашқан Назипа апай осы өлкенің тумасы. Дүрбелеңді 20-30 жылдары сауат ашу қайда, ата – анаға қолғабысын тигізіп, колхоз жұмысына араласып бой көтерген бойжеткен 18 жасқа толған шағында Ділдебаев Өлімсіре есімді жігітпен тұрмыс құрып, отау көтереді. Жан жары Өлімсіре мектепте мұғалім болып жүргенінде, 1940 жылдың аяғына таяу, Отан алдындағы міндетін өтеуге әскер қатарына алынған. Атышулы 1941 жылдың 25 қаңтарында тұңғышым Бәкір өмірге келді дейді кейуана.

Арада алты ай өткенде өз ізбасарының маңдайынан иіскеп үлгермеген күйеуім Өлімсіре, сұм соғыстың қанды қазанына араласып кете барды. Елде бас көтерер ер азамат қалмаған соң, тылдағы еңбек ауыртпалығы балғын бала, әйелдер мен шал-кемпірлер иығына жүк болды. Жас баланы енемізге қалдырып, өгіз жегіп жер жырттық, егін ектік, күзде егінді ору, бастыру, қырманға, одан кейін Жақсыдағы элеваторға өгіз арбамен тасу, тағы басқа колхоз жұмыстарынан кенде қалғаным жоқ, белді бекем буып, құдай берген қуатпен жүріп жаттық.

Қара қағаз алған келіншек құрбыларымызбен бірге жыластық, соңынан уаттық. Жалпы ел басына түскен нәубет қиыншылыққа шыдап бақтық. Сөйтіп жүріп Ұлы Жеңіс күнін де қуана қарсы алдық. Араға жыл жарым уақыт салып, жарым Өлімсіре дін аман елге оралды. Елге келген соң күйеуім үйреншікті мұғалімдік жұмысына қайта кірісті. Кешегі Кеңарал совхозының бөлімшесі Амангелді ауылында 13 жыл, Тайпақ елді мекенінде 17 жыл балаларды оқытып, кең өмірге жолдама болар бастауыш білім берді. Өткен ғасырдың жетпіс жетінші жылы Қима ауылынан орын тептік. Отағасым қайтқанына да жиырма үш жыл өтті, ал сегіз баламен зейнеткерлікке шыққан мен болсам, ұрпақтарымың ақыл кеңесшісі, саялы бәйтерегіндеймін. Есейген балаларым, немере, шөберлерім әже деп еркелей келіп, маңдайынан сүйгізіп мейрімді қандыруда. Құрсағымнан өрбіген балаларымның төртеуі бақилық болған (ұлдарым Бәкір, Арынғазы және екі қыз балам), қалғандарының көзі тірі, бір қызым Қостанай қаласында, ұлым Марат елордамыз Астанада отанымыздың өркендеуіне қызмет етуде. Екі ұлым осы ауылда.

Бүгінде 23 немере, 22 шөбере және сегіз шөпшек көріп, жаратқанға шүкіршілік айтып отырған жайым бар.

Бәкірдің ұлы Дулат, Ерейментау аудандық қорғаныс бөлімін подполковник шенінде басқаруда. Қыздан туғаның да қиығы жоқ дегендей, немерем Имашев Саят – Президент күзеті құрамында қызмет атқаруда, Қожахметов Рүстем мәжіліс депутатының көмекшісі, Айгүл атты немерем Ұлттық қауыпсіздік комитеті шекаралық қызметінде. Немерелерімнің көпшілігі қаржы саласының қызметінде, біреуі Астана қаласында, агроном.

Келелі келешекке ұрпақтарын бағыттаған ана алғаш Президентіміздің «Нұрлы жол» атаулы жүз нақты қадамы еліне жаны ашыған азаматты адастырмас сара жол деп санайды.

* * *

Кешегі зуламатты қуғын-сүргін дәуірлеп тұрған 1937 жылы Терісаққан ауылында Серікбаев Әбікен мен анасы Дәреннің отбасында дүниеге келген Кеңесгүл апайды әңгімеге шақырған едік.

Әкем Әбікен Ұлы Отан соғысына қатынасқан майдангер, шешем үй шаруашылығы, совхоз жұмысымен таң атырып, кеш батырған жандар еді. Соғыстан кейінгі жылдары әкем совхозда құрылысшы, қарақойында малшы болып еңбек етті, шешем сауыншы еді. Мен болсам, сәби күнімен бойға кірген суық ызғар буындарымды тұтастырып біршама жыл мешеп болдым. Аш болмасақ та күзгі, қысқы қара суық, көктемгі лайсаң айдалада мал соңында жүрген жанұяның қайсібір шекесін қыздырды дерсің, соның салдары ғой көпке дейін жүре алмай, отырып қалғаным. Сорыма қарай ата-анам ерте дүниеден өтті де, өмір сүру тауқыметі өз мойныма жүктелді. Шама-шарқым жеткенше тартынбай еңбек еттім, ес жидым, етек жаптым дегендей, өмірлік серік таптым. Екеулей еңбек ете жүріп алты баланы дүниеге әкелдік, әліміз жеткенінше ел қатарлы үй қылдық, жеткіздік. Бұл да болса ұрпақ алдындағы ата-ана борышы ғой, соны орындауды

Аким - ТУРЛЫБЕКОВ Арлан Шахманович.

Общая территория - 122497 Га.

Административный центр: с. Жана Кийма. В состав округа входят села Кийма, Жана Кийма, Алгабас, Тайпак.

Численность населения 2764 человека. Проживают 347 пенсионеров. Трудоспособное население - 1537 человек, из них в сельскохозяйственном производстве занято 336 человек, в социальной сфере 360, самозанятых 259 человек.

Базовое хозяйство - ТОО «Жана Жол». Директор Мейрамов Мурат Жумагалиевич.

Основное направление - производство зерна и развитие животноводства.

На территории округа действует 10 ТОО и 50 крестьянских хозяйств, зарегистрировано 42 индивидуальных предпринимателя (шиномонтажная мастерская, АЗС, ресторан, аптека, баня, парикмахерская, швейный цех, частные перевозчики и другое).

Имеется 7 учреждений образования: Кийминская СШ им. К. Ускенбаева, Кийминская СШ им. Г. Абдрахманова, Алгабасская основная школа, детский сад «Құлынаш», УПК, СЮН, колледж. Количество учащихся в школах составляет 447, преподавание ведут 66 учителей.

Медицинское обслуживание ведется в Кийминской врачебной амбулатории и фельдшерском пункте села Алгабас. Работают один врач общей практики и 21 средний медработник. На базе Кийминской ВА функционирует реабилитационный центр.

В округе работают сельский ДК «Арман», 3 библиотеки. Библиотечный фонд составляет 52000 экземпляров. Имеется одно почтовое отделение, все села обеспечены телефонной связью.



мақсат тұтып, тырыстық. Бүлдіршіндей бес қыз бір ұлды ұлағаттылыққа, инабаттылыққа баулуда шаршадым деп айта алмаймын, ұрпақтарым ұяда да қияда да саликалы өмір саясатын ұстануда.

Жанұяда екі баланы қоса қарауымызға алып, жетімдік дәмін татқызабауға бел байладық. Атамыз қазақ айтушы еді, қой егіз туса шөптің басы айыр шығады деп, сондай-ақ әр тірі жанның рызық несібесі бар, аш – жалаңаш бола қоймас. Кешегі қайнаған соғыс жылдарында қара қазақ анасы қаншама басқа ұлт өкілдерін өз бауырындай қабылдап, бір күлшесін бөлісіп жеді. Бүгінгідей болып, толып отырған заманда қысылған жанға көмек бермеуді үлкен күнә деп түсінемін. Он бес жылдан аса уақыт өз басым шын пейіліммен ден қойып жүрген мұсылмандық түйсігім де бұл ойымды толығымен құптайды. Тастанды бала, көкек ана болуды ұрпақтарыма алла жазбасын. Жетім көрсең жебей жүр дейтін халық даналығын жастар санасына жеткізе алсақ, аға буын біздердің ата-аналық парымыз мойнымыздан түскені деген ойдамын дейді көп балалы ардақты ана Кеңесгүл апай.

* * *

«Өрт-тілсіз жау», деп бекер айтылмаған. Өрт көбінесе адамдардың ұқыпсыздығынан шығып жатады. Басына өрт төнгенде, ең бірінші бізге көмекке келетін, ол- өрт сөндірушілер. Иә, олардың жұмысы оңай емес. Өрт сөндіруші мамандығы әлемдегі ең ауыр, күрделі мамандықтардың бірі. Бұл салада жұмысты ерлікпен тең деуге де болады. Өз өмірлерін қауіп-қатерге бойлай жүріп, өзгенің өмірін сақтап қалатын жандар қызыл жалын лаулаған сайын ерлік жасайды. Міне, осындай салада елеулі еңбек етіп жүрген Қима №13 өрт сөндіру бөлімінің басшысы Антаев Руслан Серикович. Ол 1974 жылдың 31 желтоқсанында Рузай ауданы Шұңқыркөл ауылында дүниеге келген. Шұңқыркөл ауылының мектебін бітіріп, Көкшетау қаласының техникалық училищесінде оқуын жалғастырған. Аталмыш оқу орнын аяқтап, Отан алдындағы борышын өтеуге, әскер қатарына шақырылады. 1993 жылы әскери борышын өтеп, туған жеріне оралады. Еңбек жолын ауыл шаруашылығында көлік жүргізуші ретінде бастайды.



2000 жылы Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының №9 өрт сөндіру бөліміне жүргізуші болып жұмыс орнын ауыстырады. Көпұзамай ол Қарағанды қаласындағы Заң академиясына оқуға түседі. 2001 жылы оны аталған өрт сөндіру бөліміне қарауыл командирі лауазымына

тағайындайды. Сол уақыттан бері өз сүйікті ісінен қол үзбей еңбек етіп келеді. Өзінің отанын және адам өмірін қорғау, әскери лауазымда еңбектену оның бала кезінен ойында болған арманы екен. 2011 жылдан бері ол Жақсы ауданының Қима ауылдық округінің өрт сөндіру бөлімінің лауазымында еңбек етуде. Жұмыстағы біліктілігін арттыру мақсатында Руслан Серикович Екатеринбург төтенше жағдайлар университетіне түсіп, оны биыл тәмамдап, екі жоғарғы білімді маман атанды. Руслан әріптестерімен бірге әр апта спортпен шұғылдану шараларын іске асырады. Өйткені бұл олардың істеріндегі басты біліктілік. Өрт сөндірушілер әр уақытта кез-келген жағдайға дайын тұрып, жылдам болулары керек. Ол өз штатындағы әріптестерімен бірге сан рет аудандық, облыстық жарыстардың жеңімпаздары атанған.

Отбасы жағдайына тоқталатын болсақ. Өмірлік серігі Жаннамен бірге 2 баланы өмірге әкеліп, тәлім-тәрбие беріп өсіруде.

Әрине, әлемде мамандықтар жеткілікті. Бірақ, Руслан Серикович бұл мамандықты тап өзіне лайықты таңдаған. Өрт сөндіруші нағыз ерлердің мамандығы.

«Қызыл жалынның ортасына кіргенде біздің бар назарымыз өрт ортасында қалған адамды құтқаруға және тілсіз жауды сөндіруге ауады. Басқа нәрселерді мүлдем ұмытамыз», -дейді өрт сөндіру қызметінің майталман маманы.

Ендеше жандарың әрдайым құрғақ болғай!

* * *

Крестьянское хозяйство «Наида», чьи земельные угодья находятся на территории Жаңақийминского сельского округа, прочно входит в число наиболее перспективных. Этому не приходится удивляться, если принять во внимание тот факт, что его руководитель Басыр Алиасхабович Гитинов очень тщательно подходит к подбору механизаторских кадров. Здесь во все времена старались идти в ногу со временем – обновляли и укрепляли материально-техническую базу, строго относились ко всем агротехническим мероприятиям. Сегодня в хозяйстве 9 современных комбайнов, посевной комплекс, мощные трактора К-700, колесные трактора. Начиная свое существование крестьянское хозяйство с 200 гектаров посевной площади. Сейчас механизаторы работают уже с площадью более 7000 га, куда входят посевы пшеницы и льна, паровые клетки, сенокосные угодья. Все это очень важные моменты жизнедеятельности трудового коллектива, но главным достоянием являются люди. Среди них добросовестным отношением к делу выделяется Сергей Оленевич.

Первые навыки механизаторского дела он познал еще будучи старшеклассником Ишимской средней школы, где в те годы приобщали ребят к полевым работам в ученической производственной бригаде. В ту пору ее возглавлял ныне работающий директором ТОО «Белагаш» Виктор Гертнер. Для молодого сельского парня работа на тракторе была не только возможностью проявить свои творческие возможности, но и в какой-то степени романтикой – бескрайняя степь, пьянящий запах разнотравья, щебетание птиц в сочетании с работой двигателя трактора вызывало в Сергее неопишимый восторг и ощущения. Уже тогда будущий механизатор осознал значимость слов своего наставника о необходимости бережного отношения к технике и к земле. Добрыми словами вспоминает своего первого бригадира полеводческой бригады Александра Коппеля.

Потом случился переезд в село Кийма, где работал в коллективе, возглавляемым Константином Шмидт. По-



следние 15 лет добросовестно трудится в крестьянском хозяйстве «Наида» - сеет зерновые, пашет зябь и пары, занят на сенокосе, молотит выращенный урожай, проводит снегозадержание. И все это выполняет качественно и в срок. Сергей Оленевич затруднился ответить на вопрос относительно объема намолоченного им зерна.

- В нашем коллективе, - говорит С. Оленевич, - нет лучших. Все мы делаем одно общее дело. Это раньше в совхозах каждый работал на себя, а у нас все делается сообща. Если у кого-то вышел из строя агрегат, то все вместе устраняем неполадки и продолжаем работать. Есть среди нас самый опытный механизатор Виктор Карпов и молодой Леонид Гаврилов. Разница в возрасте у них ощутимая, но спрос со всех одинаков. Так и работаем. Условия для этого созданы хорошие, зарплата нормальная.

* * *

Сегодня просто невозможно представить хозяйство без большегрузных автомобилей «КамАЗ». Ведь главным источником экономического благополучия здесь является зерно. А его, как известно, нужно доставить в поле для посева, а осенью вывезти к местам хранения. Всем этим и занимается около 30 лет своей жизни передовой водитель ТОО «Жана Жол» Кайрат Нургожин. Его трудовая биография не сильно отличается от своих ровесников — школа, профессионально-техническое училище, служба в армии, возвращение в родное село и долгожданный автомобиль, на котором нужно было перевозить народно-хозяйственные грузы. Сначала доверили видавший виды ГАЗ-53. Здесь следует отметить одну характерную особенность - семью Нургожиных можно считать примером трудовой династии. И дело не только в том, что у Кайрата работали водителями отец, дядя и брат. Все они «шоферили» на одном автомобиле, том самом «газончике», передавая его, словно эстафету, друг другу.



Затем Кайрат Нургожин 10 лет поработал на новом автомобиле «ЗИЛ -130», который сам и пригнал из Акмола. Последние 8 лет управляет мощным «КамАЗ», на котором занят в основном доставкой зерна с поля на ток и на элеватор. За все это время, благодаря бережному отношению к технике, не проводилось ни одного серьезного ремонта. Опытный водитель знает, что срок эксплуатации автомашины во многом зависит от своевременного технического ухода и каждодневного контроля за состоянием ходовой части и основных узлов всего автомобиля.

Самым напряженным периодом для водителей была и остается осень. Так случается, что порой на вывозку зерна уходит до трех месяцев. Это связано с тем, что водители участвуют в уборочном процессе не только в своем хозяйстве, но и в других, входящих в структурные подразделения ТОО «Агрофирма ТНК». Ежегодно К. Нургожин является одним из лучших в ТОО «Жана Жол» среди водителей. Вот и в нынешнем году он уже перевез на элеватор 4231 тонну зерна, а грузооборот составил 407 тысяч тонно-километров. Работы продолжают.

Оба сына передового водителя пошли в жизни своим путем, тем самым прерывая традицию семейной династии.

- Конечно, все родители хотят видеть своих детей здоровыми и счастливыми, - говорит Кайрат Нургожин. - Старший сын получил высшее образование, сейчас проходит службу в армии. Второй сын учится на юриста. Я не переживаю, что никто из них не пошел по моим стопам. Для меня любимая работа — крутить «баранку» автомобиля. А для них что-то другое. Каждый вправе выбирать свое место в жизни. Будем рады любым успехам, лишь бы им нравилось то, что они выбрали.

* * *

Ақ халатты, жылы жүзді жандармен балалық шақтан бері кездесіп келеміз. Тіпті сол кезден олардың бізге қажет екендігін түсіне бастаймыз. Өйткені олар адам бойына төнген ауруды емдеуге көмектеседі. Медбике ісі тек қызық қана емес, сонымен қатар ол өте қиын істердің бірі. Оның алдына әртүрлі аурумен жарақаттанған науқастар келеді. Медбикелер көп білу керек, мысалы, алғашқы жәрдем көрсету, негізгі медициналық дәрілерді білу, медициналық мақсатта қолданылатын аппараттарды іске қоса білу, және де сондай-ақ ең маңызды медбикенің тәжірибелі болуы.

Бұрынғы кездері медбикені — жылы жүректі деп атаған, мұндайды әрине, текке айтпаған. Себебі, бұл мамандық иесі адамдарға түсіністік, сүйіспеншілікпен қарауы маңызды. Өзінің өмірін науқас адамдарды емдеуге арнаған Жүнісова Тойған Сұлтанбекқызын, жылы жүректі медбике қатарына қосуға болады.

Тойған Қима елді мекенінің тумасы. Мектепті тәмәмдап Арқалық медициналық училищесіне оқуға түседі. Неліктен медбике мамандығын таңдағанын ол бізге, былай түсіндірді: «Біздің үй аурухананың дәл қасында орналасқан еді. Далада ойын қуып жатқан кездерде, ақ халат киген сүйкімді медбикелерге таң қалып қарап тұратын кездерім болатын. Сөйтіп, сол жандарға қарап мен өз бойымды түзедім. Анам қарсы болды. Қалаға өзімді жалғыз жіберуден қорыққаны ғой. Бірақ, мен өз шешімімді өзгертпедім. Анама барлығын түсіндірдім. Мектепті бітіріп, үлкен қала Арқалыққа келдім, емтихан тапсырып, тиісті баға алып, училищеге түстім. Өлі есімде, оқуға түскен түлектердің арасында өз аты-жөнімді көргенде қуаныштан төбем көкке жетіп, көзіме жас толғаны. Медби-



мол, жұмысын уақытында әрі тиянақты орындайтын медбике, 26 жыл уақыт ішінде, өзін жұмыста тек жақсы жағынан көрсете білген.

Тойған Сұлтанбекқызы мейрімді медбике ғана емес, сонымен қатар аяулы жар, ардақты ана. 1990 жылы қосылған жан-жары Бейсен Мизанұлымен өмірге екі перзент әкелді. Бұл ауылдағы үлгі тұтарлық жанұялардың бірі. Үлкен ұлы Нұрсұлтан ұстаз, бүгінгі күні Запорожье мектебінде оқушыларға биология пәнінен сабақ береді.

Кенжесі Қасымжан нағыз ерлердің мамандығы өрт сөндіруші мамандығында оқып жүр. Бақытты жанұяның отанасы, өз ісінің тәжірибені мол жинақтаған шеберінің ендігі арманы, ұлдарына жақсы жар кездесіп, немере сүйіп өже атану. Арманыңыздың орындалуына тілектеспіз! Қоғамға пайдасын тигізіп, адал еңбек еткенге не жетсін!

* * *

Ұстаз — жас ұрпақтың рухани сәулеткері, халық өзінің үміті мол болашағын тапсыратын өкіл. Ұстаздар сол сенімді ақтай отырып, ұлттық және адамзаттық құндылықтарды бойына дарытқан тұлғаларды тәрбиелеуде. Республикамыздың тарихи, мәдени болмысын дамытуға, қоғамдық өмір мен ұлттық мектепті қалыптастыруға ұстаздардың еңбегі зор.

Егеменді еліміздің өркениетке бастар жолы — мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі — мұғалім.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», деп Абай Құнанбаев айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз.

Өмірінің 40 жылға таяу уақытын ұрпақ тәрбиесіне



арнаған Қима №1 Қ. Өскенбаев атындағы орта мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі Ташанова Нескен Ермұханқызы.

Ол 1957 жылы 17 қараша күні Үкі ауылында дүниесігін ашқан. Терісаққан мектебін тәмәмдап, Целиноград педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түседі.

«Мектепте оқып жүрген кезімде, бізге орыс тілі пәнінен Татьяна Григорьевна есімді жас маман келген еді. Оның әрбір өткізген сабағы мен үшін бір ғажап сабақтардың бірі болатын. Сабақты түсіндіргені, өлең, проза, шығармаларды оқуы құлаққа соншалықты жағымды естіліп, санамды баурап алатын. Сол мұғалім менің бұл мамандыққа бет бұруыма басты себепкер болған. Сөйтіп мен орыс тілі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша диплом алып, ұстаз атандым».

Өзінің еңбек жолын Нескен Ермұханқызы Балталы орта мектебінде бастаған. Уақыт өте келе, отбасы жағдайына байланысты ол жанұясымен Қима ауылына қоныс аударады. Қима №1 орта мектебінде 1997 жылдан бері еңбектеніп жүр. Мектептің ұлағатты ұстаздарының бірі. Өзінің ісіне байыппен, жауапкершілікпен, оқушыларына сүйіспеншілікпен қарайтын ұстаз, әрине, басшының да, оқушылардың да алдында үлкен құрмет пен беделге ие.

Нескен Ермұханқызы көптеген аудандық, облыстық мақтау қағаздарына ие. Аудандық «Ауылдың үздік ұстазы» байқауының 2011 және 2013 жылдары жеңімпазы атанған. Қазақстан Республикасының білім беру саласына қосқан зор үлесі үшін төс белгімен марапатталған. Дарынды балаларға арналған «Қазақстан болашағы» атты энциклопедиясына аты еңген тұлғалардың бірі. Мектеп ішілік «Бөйішешек» газетінің бас редакторы. Сонымен қатар «Нұр Отан» партиясының белсенді мүшесі.

«Аталмыш газетті шығару арқылы, көкіртерімнің шығармашылық қабілеттерін арттыруды көздеген едім. Менің оқушыларым, бұл істе өзімді қуанышқа бөлейді. Ұстаз үшін басты бақыт, ол оқушыларының жеңістері ғой. Мен өзімнің тәлімгерлерім жайлы мақтаншыпен айта аламын. Олар менің үмітімді ерқашан ақтап жүреді. Оқушыларым менің берген тәрбиемді, білімімді, ақылымды жай қалдырмай, саналарына түйгендерін көргенде мен өзімді бақытты сезінемін», - дейді ұстаз.

Нескен Ермұханқызының оқушылары көптеген

олимпиадалардың жеңімпаздары, сонымен қатар Ұлттық біріншілік тестілеуден жақсы жетістіктерге қол жеткізуде. Әрине мұндай нәтижелерге жетулері, ұстаздың ерен еңбегі.

Мұғалім мен шәкірт арасындағы өзара қамқорлық, сыйластық сезімі олардың бірлесіп атқаратын білімі мен біліктілікті шыңдау әрекетіне жағымды ықпал етері анық.

Нескен апайдың отбасы жайына тоқталатын болсақ. Ол өзінің өмірлік серігі Ташанов Дулатты кездестіріп 1980 жылы отау құрып, шаңырақ көтереді. Жанұяда 3 бала дүниеге келеді. Бүгінгі күні екі ұлдары мен бір қыздары еліміздің игілігі үшін үлестерін қосып, еңбек етуде. Дулат аға мен Нескен Ермұханқызы 7 немеренің бақытты ата-әжесі. Балаларына берген өнегелі де парасатты тәрбиені енді немерелеріне дарытуда.

Ташанова Нескен Ермұханқызы - өз кәсібін, өз пәнін, барша шәкірттерін, мектебін шексіз сүйетін адам. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік қана оны небір қиын әрекеттерге жетелейді, іске батыл кірісуіне септігін тигізеді. Нәтижесінде бір емес, бірнеше жас жүрекке мәңгі ұстаз болып қалады.

* * *

Жаңа Қима ауылында болған сапарымызда ауыл мектептерінде дәріс алып жүрген оқушылардың қоршаған ортаға, табиғат ғажайыбына деген қызығушылығын туындатып және балардың мектеп қабырғасынан бос уақытын бағдарлы да тиімді өткізуіне сүбелі үлесін қосып жүрген «Жас натуралистер станциясына» соқпай кетудің жөнін таба алмадық. Арнайы ат басын атқарған аудандық газет тілшілерін есік алдында қуана қарсы алған Роза Шермухамбетқызы бірден гүлдер өсірген жылыжайға шақырып, шағын ғана ұжым қызметкерлерінің аялы алақаны мәпелеген туындыларымен таныстырды.

Басшының айтуы бойынша осыдан он бір жыл бұрын сол кездегі аудандық білім беру бөлімінің меңгерушісі



Гүлбаршын Құбықызы Тоқмырзинаның бастауымен және ауыл жастарын жұмыспен қамту ауқымында бұл бастамаға мұрындық болған Өмірзақова Розаның қызы қолдарымен ең алғаш дүниеге келген натуралистер станциясы, тек Жақсы ауданында емес, бүкіл Ақмола облысында жалғыз мекеме көрінеді. Мекеме тұсауын кескен алғаш басшы Морозова Таисия Петровна екен. Бастапқыда 4 үйірме ғана болса, бүгінде 15 үйірме мектеп оқушыларына қосымша сабақ беріп, тәлімгерлік жасауда.

Мекеменің берекелі ісін ұйымдастырып, көп жылдар мұғалім, кейіннен директор болған Пичурина Елена Ивановнаның қосқан қомақты үлесін, алғашқы тұсаукесерінен бері еңбек етіп жүрген Байрақова Айгүл Қалментайқызы, Усачева Светлана Валентиновна, Морозова Ирина Сергеевна бірауыздан айтып, өз ісіне шын ынтамен берілген жанның көршілес Ресей еліне қоныс аударғанын қимастықпен жеткізді. Бүгінгі басшы Роза Шермухамбетқызының пайымдауынша ұжым қызметкерлерінің барлығы да абыройлы еңбегімен ел ықыласына иегер адамдар.

Жылыжаймен қабыстыра салынған шағын бөлме іші үйде өсірілетін сан түрлі гүлдерге лық толы және көз тартар сәнділікпен орналастырылған. Сондай-ақ, осы бөлмеде аквариум және тірі жәндіктер бұрышы да орын алған. Балалармен сабақ өткізер негізгі кестеміз түс ауа, яғни оқушылар мектептен босаған мезгіл дейді ұжым мүшелері. Жүз елуден аса жасөспірімдер мен оқушылар дәріс алып, туған табиғаттан тілдесетін мекеме жұмысында экологиялық, декоративті қол өнер, бау-бақша, көкөніс, гүлдер өсіру, тірі жәндіктермен, балықтармен таныстырып, олардың өмір сүру ортасын айқындау үйірмелері қызмет атқаруда. Сонымен қатар Лозовое ауылындағы мектеп қабырғасында гүлдер өсіріп, баптаудың екі үйірмесі жұмыс атқаруда. Мұғалімдер қауымы балалармен сұхбат өткізумен қатар іс-шаралар өткізуді күнделікті дағдыға айналдырған. Жазғы жылы күндері сабақты табиғат аясында, Есіл өзені жағасында өткізумен бірге, жағалауды, демалыс орындарын қоқыстан тазалап, абаттандыру ісін де жүргізуде. Оқушылардың өсіріп, баптаған, мәпелеп жинаған көкөністері, өрік, қарақат, қыжовник, бүлдірген секілді жеміс жидектерінен тосап жасап мектеп асханасына, ауыл тұрғындарының қолданысына ақылы түрде беріледі. Аудан жұртшылығы гүлдер шоғына, гүлдер тұқымына қызығушылық танытып, сұраныс жасауда.

Жаны жайсаң жанның көзін қызықтырар гүлзарлар, гүл шоқтары Жаңа Қима ауылының тұрғандары Зайцева Антонина, Кириченко Елена, зейнеткерлер Жижикелер, Усачева Тамара, Гаврилова Татьяна тағы басқа жерлестер ауласының сәнін келтіруде. Шағын ұжым қызметкерлерінің биылғы жылғы еңбегінің нәтижесі ақшалай 580 мың теңге түсімге әкелді. Негізінен біздердің басты табысымыз келер ұрпаққа, балалар мен немерелерімізге адамзат баласы мен табиғат-анамыздың мәңгі үзілмес байланыста екендігін санасына ұялатып, осы құндылығымызды туған анамыздай аялап жүруге баулу деп түсінеміз дейді Роза Шермухамбетқызы.

Ел ертеңін ойлаған жандарға, өнегелі істе өрелерің биік, еңбектерің жемісті болсын деген тілекпен қош айтыстық.

Полосы подготовили: В.ПЕТРИК, Б.ДОСАНОВА, Ж. НҰРЖАҚСЫ.

ПЕРЕД ЗАКОНОМ ВСЕ РАВНЫ

Несение государственной службы является выражением особого доверия со стороны общества и государства, и предъявляет высокие требования к морально-этическому облику государственных служащих. В этой связи законодательством о государственной службе установлены соответствующие ограничения при поступлении на государственную службу. Кроме того, статьей 27 Закона «О государственной службе» предусмотрен перечень оснований прекращения государственной службы административными государственными служащими (совершение коррупционного правонарушения, вступления в законную силу обвинительного приговора суда за совершение преступления либо умышленного уголовного проступка, приращения уголовного дела по реабилитирующим основаниям и иные). Согласно сведениям Комитета по правовой статистике и специальным учетам установлено, что по Республике на государственной службе продолжают нести службу 635 лиц, привлеченных к уголовной ответственности, из них 197 осуждены, в отношении 438 производства уголовных дел прекращены по реабилитирующим основаниям, 287 привлечены к дисциплинарной ответственности за совершение коррупционных правонарушений. Прокуратурой района проанализировано состояние законности при применении законодательства о государственной службе. В ходе анализа установлено, что по Жаксынскому району за совершение уголовного проступка осужден руководитель государственного учреждения Т.

Так, в октябре текущего года руководитель государственного учреждения Т., находясь в состоянии алкогольного опьянения легкой степени, управлял своей автомашиной по улице Мира села Жаксы. Ранее постановлением Жаксынского районного суда он был лишен права управления транспортным средством сроком на 2 года. Однако, несмотря на данное обстоятельство, он вновь умышленно сел за управление транспортным средством в состоянии алкогольного опьянения, будучи лишенным, этого права. По данному факту отделом дорожной полиции отделения административной полиции Жаксынского РОВД в отношении руководителя государственного учреждения Т. было возбуждено досудебное производство по ст.346 ч.1 УК РК. Приговором Жаксынского районного суда руководитель государственного учреждения Т. признан виновным в совершении уголовного проступка, предусмотренного ст.346 ч.1 УК РК, и ему назначено наказание в виде штрафа в размере 25 месячных расчетных показателей с лишением права управления транспортным средством на три года. В соответствии с п.7-1 ст.27 Закона Республики Казахстан «О государственной службе» совершение умышленного уголовного проступка является основанием для прекращения государственной службы административным государственным служащим. В этой связи прокуратурой района вышестоящему руководству государственного учреждения Т. было внесено представление об устранении нарушений законности с постановкой вопроса принятия мер к увольнению с государственной службы руководителя Т. за совершение умышленного уголовного проступка. По акту прокурорского реагирования руководитель государственного учреждения Т. был уволен с должности.

Прокуратура
Жаксынского района.

АКТУАЛЬНО

ОСТОРОЖНО, ГРИПП!

Эпидемии гриппа случаются каждый год, обычно в холодное время года, и поражают до 15% населения земного шара. У каждого человека грипп и ОРВИ уносят в среднем суммарно год жизни. Больной гриппом проводит каждый раз время недуга в неадекватном состоянии, страдая от повышенной температуры, общей разбитости, головной боли, отравления организма ядовитыми вирусными белками. В самом благоприятном случае вирусный грипп длится две недели. Чем дольше протекает болезнь, тем больше риск осложнений. Осложнения гриппа особенно опасны и могут стать роковыми для так называемой группы повышенного риска. К этой группе относятся старики, дети, люди с ослабленным иммунитетом, больные с сердечно-сосудистыми заболеваниями, курящие. Заболевание гриппом сопровождается высокой смертностью, особенно у маленьких детей и пожилых людей. При тяжелом течении гриппа часто возникают необратимые поражения сердечно-сосудистой системы, дыхательных органов, центральной нервной системы, провоцирующие заболевания сердца и сосудов, пневмонии, трахеобронхиты, менингоэнцефалиты.

ОРВИ и гриппом можно заразиться воздушно-капельным путем: больной выделяет вирусы при дыхании, кашле, чихании, а мы можем их получить вместе с воздухом, и проникают в наш организм они через органы дыхания.

Грипп - это самое тяжелое заболевание из всех ОРВИ, способное вызывать эпидемии и пандемии. При нем чаще бывают и осложнения. В настоящее время в целях профилактики проводятся прививки против ГРИППА, которую необходимо проводить до начала эпидемиологического сезона. Вакцинацию в первую очередь проводят лицам, страдающим хроническими заболеваниями, часто болеющим детям в возрасте до трех лет, пенсионерам, медицинским работникам, учителям, которые наиболее часто подвержены риску заболевания.

Как бороться с гриппом и ОРВИ - острыми респираторными вирусными инфекциями. Для этого используют препараты для так называемой неспецифической профилактики. Неспецифической потому, что они создают защиту не только от какого-то одного вируса, как, например, вакцина против гриппа, а сразу от всех возбудителей ОРВИ. В том числе, и от самого гриппа.

Для профилактики простудных заболеваний полезно регулярно пить травяные чаи. В качестве заварки подойдут заготовленные вами летом или купленные в аптеке листья шалфея, иван-чая, мяты и Melissa. Их нужно смешать в равной пропорции, залить 1 ч. ложку этой смеси стаканом кипятка, настоять в течение 30 минут и процедить. Для получения общеукрепляющего и общеоздоровительного эффекта достаточно выпивать в день по 2 стакана такого чая в теплом виде. С целью повышения иммунитета можно пить чай из листьев черной смородины, ежевики и малины, добавив туда шиповник и сок лимона по вкусу.

С целью профилактики острых респираторно-вирусных инфекций (ОРВИ) и гриппа желательно хотя бы 2 раза в год, весной и осенью, принимать так называемые кровоочистительные лекарственные растения: лесную землянику, крапиву двудомную, зверобой продырявленный, одуванчик лекарственный, полынь горькую. Но необходимо помнить о том, что курс лечения желателен проводить под контролем врача-специалиста.

В школах и дошкольных учреждениях также можно проводить массовую профилактику простудных заболеваний, ОРВИ и гриппа. Для этого рекомендуются во время занятий раздавать детям фитопрепарат "Энерготон", который содержит очень много витаминов и оказывает на организм тонизирующее и адаптогенное действие. Одновременно с этим можно вводить в школьное меню лечебно-оздоровительные фиточаи - "Фитохол", "Антигриппин", "Антистресс" и другие. В состав фиточая "Антигриппин", например, входят чабрец, душица, ромашка, зверобой. Во время школьных завтраков или обедов обязательно давать детям виноградный, черноплоднорябиновый и яблочный соки, чередуя их с экстрактами шиповника и боярышника, корней аралии и элеутерококка.

При заболевании гриппом или ОРВИ надо обязательно провести курс ароматерапии с использованием масел шиповника, шалфея, эвкалипта и лаванды. Можно применять так называемую фитоаэрозольную терапию такими лекарственными растениями, как настой эвкалипта, шалфея и подорожника с назначением внутрь обладающих противовоспалительным и противоаллергическим действием экстракта корня солодки и настоя травы тысячелистника.

Н. МАНДРИКОВА,
ведущий специалист Жаксынского районного
управления по защите прав потребителей.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ - БАСТЫ МІНДЕТ



Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев әлемде қалыптасып отырған қазіргідей жағдайда стратегиялық шешімдер қабылдай алу шеберлігін айқын көрсетіп отыр. Бұған Президенттің «Нұр Отан» партиясының Саяси кеңесінде жариялаған «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауы айқын дәлел бола алады. Осы бір маңызды құжатты іске асыруда жауапкершілік жүгі ауыр. Алға қойылған биік мақсаттарға қол жеткізу үшін мемлекеттік аппараттың да халықтың алдында адал болғаны абзал. Міне, осы жолда кездесетін сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – біздің департамент үшін басты міндет.

Аталған маңызды құжатта еліміздің қарқынды дамуының басым бағыттары жеке-жеке қарастырылып отыр. Жолдауда әсіресе, инфрақұрылымды жаңғырту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашып, экономиканы төмендетпеу тетіктері көзделген. Бұл мақсатқа қазынадан қыруар қаржы бөлінді. Осы орайда, оның негізгі бөлігінің Ұлттық қордан екендігі белгілі. Ең бастысы, біз жаһандық дамуға келеңсіз жағдайлар мен тұрақсыздықтың алдын алу мақсатында биліктің дәл осындай қадамға барып отырғандығын дұрыс түсінуіміз қажет. Елбасымыз айтпақшы, «Нұрлы жол» – біздің әлемдік дағдарысқа берер жауабымыз болмақшы. Бұл Жолдау тек елдің экономикалық әлеуетін арттыруды ғана емес, ел халқының бірлігін де бекем етуді, халқымызды тұтастыра түсуді көздейді. Ұлт Көшбасшысы аталған стратегиялық құжатта: «Мен өзімнің тәжірибемнен алдын ала сезіп отырғанымдай, таяудағы жылдар жаһандық сынақтардың уақыты болады. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгереді. Барлық елдер осы күрделі кезеңнен лайықты өте алмайды. Бұл шептен тек мықты мемлекеттер, жұдырықтай жұмылған халықтар ғана өтетін болады», – деп қазақстандықтарды елдегі бейбітшілік пен өзара келісімді сақтай отырып, бір мақсатпен ортақ Отанымыздың игілігі жолында еңбектенуге шақырды.

Ал, жуырда ғана өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент аталған мәселеге қайта оралып, қазынадан бөлінетін әрбір теңгенің мақсатты жұмсалуды қажеттігін тағы да жауапты тұлғаларға қадап айтты. Бір қуантарлығы, жаһандық экономиканы алда күтіп тұрған осыншалықты ірі сынақтарға қарамастан, бізде мемлекет әлеуметтік сала алдындағы жауапкершіліктен бас тартып отырған жоқ. Осы орайда, Ұлттық қордан бөлінетін миллиардтаған теңгенің ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетпей, діндеген жеріне жетуі біздің Агенттік, соның ішінде біздің департаменттің де атқарар жұмысының негізгі бағыты. «Қазақстан-2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында жемқорлық Ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретін кесел ретінде қарастырылып, осы бір жағымсыз әрекет түрімен күрес тек тиесілі органдардың ғана емес, жалпы, ел азаматтарының міндеті екендігі айтылады. Еліміздің басты стратегиялық құжатында атап көрсетілген бұл басымдықтар біздің алдағы жұмысымыздың, еліміздің жемқорлыққа қарсы жүргізетін мемлекеттік саясатының да басым бағыттары мен негізгі бағдарын айқындап беріп отыр.

Экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын жақсарту, әлемнің озық дамыған отыз мемлекетінің қатарына кіру бойынша алда тұрған келелі міндеттерді шешу бізден сыбайлас жемқорлықпен күрестің жүйелі әдіс-тәсілдері мен кешенді шараларын қолға алуды қажет етті. Себебі, жемқорлықтың мемлекеттік басқарудың тиімділігін, елдің инвестициялық тартымдылығын төмендетіп, әлеуметтік-экономикалық дамуды айтарлықтай тежейтіндігіне көзіміз әлдеқашан жетті. Міне, осыған орай, Елбасының тікелей бастамасымен «Нұр Отан» партиясының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағдарламасы жасалды. Ал, өткен жылдың аяғында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стратегиясы бекітілді. Бұл құжат біз айттып отырған қауіпті кеселмен күрес жолдарын нақтылап, жемқорлыққа баруға итермелейтін жағдайлардың алдын алуды көздейді. Оны тудыратын себеп-салдарларды болдырмау да – Стратегияда көзделген басты мақсаттардың бірі. Тұтастай алғанда, аталған Стратегия мемлекет пен қоғамның тыныс-тіршілігінің негізгі салаларын қамтуға, жемқорлыққа қарсы жан-жақты және дәйекті шаралар кешенін әзірлеп, мемлекеттік биліктің барлық деңгейлерінде, сондай-ақ, жеке секторда сыбайлас жемқорлықты барынша азайтуға, оның барлық көріністеріне қоғамда «нөлдік» төзімділікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Бұл бағытта мемлекеттік қызмет пен жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы реттеуші және құқық қорғаушы қызметтерді бір арнаға тоғыстырған Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аумақтық департаменті де өзіне жүктелген зор міндетті жете түсінгендіктен, бұл істен шет қалмайтыны айдан анық. Департаменттің жұмысы тек мемлекеттік қызметке қабылдау мәселелерін реттеп, мемлекеттік аппараттың «тазалығына» мониторинг жүргізумен ғана шектелмейді. Біз жемқорлық қылмыстардың алдын алумен де, оған қатысы барларды жазаға тартумен де айналысамыз. Осы тұста мен біздегі Тәртіптік кеңес хатшылығының жұмысына тоқтала кеткенді жөн көріп отырмын. Былтыр департамент қайта құрылғаннан бері осы кеңес өзінің бірнеше отырысын өткізіп, лауазымдарын асыра пайдаланған бөлім басшыларынан бастап аудан әкімінің орынбасарларына дейін тәртіптік жазаға тартты. Мұның барлығы халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің өз деңгейінде болуына қол жеткізу мақсатында іске асырылып отырған шаралар. Мерекелер мен демалыс күндері мемлекеттік қызметшілердің қызмет көліктерін пайдалануларына да тексеріс жүргізіліп, бірқатар облыстық басқармалар мен коммуналдық мемлекеттік мекеме басшыларының бұл тұрғыда тәртіп бұзатындары белгілі болды. Сондай-ақ, мемлекеттік органдарға тиесілі автокөліктердің жол қозғалысы ережелерін қаншалықты сақтайтындықтарына, оны бұзған жағдайда бюджетке айыппұлдарды уақытылы төлеу-төлемелеріне қатысты облыстық ішкі істер департаменті әкімшілік полициясы басқармасының ақпараты да сарапталды. Сараптама барысында мұндай жағдайлардың барын және соның салдарынан мемлекет қазынасына 2 633 144 теңге көлеміндегі айыппұлдың түспегендігін анықтады. Осыған орай, облыс әкімі мен кәсіпорны-мекеме басшыларының атына осы айыппұлдарды өтеу, оған жол берген кінәлілерді тиісті жауапкершілікке тарту жөнінде хаттар жолданды. Жылдың алғашқы жартыжылдығында 15 мемлекеттік мекемені тағы осындай тексерістен өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұған қоса, бірқатар кәсіпорындарда заң талаптарының сақталуы тұрғысында жоспардан тыс тексерістер жүргізу көзделіп отыр.

